

**«Сақура КӨКТЕМ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҚ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**ХАТТАМА №1**

**Откізілген уақыты: 31 тамыз 2023 жыл**

**Түрі:** дәстүрлі (тұрақтандыру)

**Тақырыбы:** «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

**Мақсаты:** Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру

**Төрайымы:** Миразимова Махаббат Тілеуқабылқызы

**Катысқандар саны – 4**

1. Наурузова Ардак Толегеновна
2. Каракенова Мадина Талиповна
3. Сандыбаева Гулайым Алмешовна
4. Ташмаганбетов Аян Аманкелдиевич

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту. Төрағасын, хатшысын сайлау  
М.Т.Миразимова
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті  
стандарты. Әдістемелік нұсқау хат  
М.Т.Миразимова
3. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспарымен  
таныстыру, талдау.  
М.Т.Миразимова
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған оқу жоспарын,  
ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесін, перспективалық жоспар,  
циклограмма құрылымын, күн тәртібін бекіту. Балалардың біліктері мен  
дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуіндегі негізгі тәсілдері.  
М.Т.Миразимова

5. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары

М.Т.Миразимова

**1. ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша менгерушісі педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру үйымының басшысы (төрайымы), музика жетекшісі, педагогтер кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2023-2024 оқу жылында хатшы ретінде Каракенова Мадина Талиповнаны ұсынды.

Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан қолдады.

**ШЕШІМІ:**

1. Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның менгеруші-әдіскері, музика жетекшісі, тәрбиешілер бекітілсін.

2. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып Каракенова Мадина Талиповна сайлансын.

## **2 ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша менгеруші-әдіскері

Балабақша менгеруші-әдіскері 2023-2024 оку жылында жүргізілетін жұмысының ерекшеліктері туралы айты. «Ойын арқылы оқыту» қағидаты негізінде мемлекеттік стандарт өзгертілді. Ортаңғы және ересектер топтарында білім беру ойын түрінде және режімдік сәттер барысында жүргізілетіндігін айтЫП ӘТТИ. Мектепалды топтарына арнайы ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі болады. М.Т.Миразимова әдістемелік нұсқау хатпен таныстырыды. Әр бөліміне тоқталып түсіндірме жұмысын жүргізді.

## **3 ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша менгеруші-әдіскері

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша балабақша менгеруші-әдіскері жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып ӘТТИ. 2023-2024 оку жылының жылдық жоспары 5 бөлімнен тұрады.

I Салауатты өмір салтын ұйымдастыру. Жыл бойында өткізілетін жұмыстар белгіленген.

II бөлімде Кадрлармен жұмыс: педагогтердің кәсіби, теориялық, әдістемелік және іскерлік біліктілігін көтеру, біліктілікті арттыру квалификациясы, педагогикалық кеңестер, семинар.

III бөлімде педагогикалық кеңестер, басшы жанындағы отырыс, 2023-2024 оку жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» сапалы білім беру ұлттық жобасы бойынша «Ұлт құндылығы – ұлт қазынасы» жұмыс жоспары;

IV бөлімде әлеуметпен жұмыс: отбасымен өзара ықпалдастық, топтық ата-аналар жинальсы, кеңестер.

V бөлімде Бақылау, мониторинг,

## **2023-2024 оку жылының міндеті:**

Сурет салу арқылы баланың бойындағы эстетикалық сезімін және шығармашылық қабілетін дамыту.

Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған. Оку жылына 5 педагогикалық кеңес, жылына 3 рет балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторын жүргізу жоспарланды. Балабақшаның оку-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды.

## **ШЕШІМІ:**

1. 2023-2024 оку жылының жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

Жауапты: Балабақша менгеруші-әдіскері

Мерзімі: жыл бойында

#### **4 ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша менгерушісі**

2023-224 оку жылына құрылған оку жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12 мамыр 2020 № 195 бүйрығына сәйкес құрылыш, осының негізінде мектепалды тобынын және музика жетекшісінің үйымдастырылған іс-әрекетінің жүктемесі жасалғандығын айтты. Циклограмма құрылымна арнайы тоқталып мазмұны туралы айтып өтті. Жұмыс барысында «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі жариялаған үлгісі талқыланды. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына бастапқы мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері өзгерілген жоқ. Жылына 3 рет қыркүйек, қантар, мамыр айларында балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында индикатор жүргізілетіндігін айтып өтті.

#### **ШЕШІМІ:**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған оку жоспарын, мектепалды тобына, музика маманына арналған үйымдастырылған іс-әрекетінің жүктемесін, перспективалық жоспар, күн тәртібін бекітілсін. Циклограммадағы жұмыс бір апта бүрін жоспарланып отырылсын. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, қантар және мамыр айында жүргізілсін.

Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері.

Орындалу мерзімі оку жылы барысында.

#### **5.ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша менгеруші-әдіскері**

Аттестатталушы педагогтерді нормативтік құжаттармен таныстыру жұмысы жүргізілді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бүйрығының әр тармағына тоқталып талдау жұмысын жүргізіп өтті.

**ШЕШІМІ:** Педагогтерді аттестаттау жұмысы аттестаттау ережесі және біліктілікке қойылатын талаптарына сәйкес жүзеге асырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы  
Хатшысы:



М.Т.Миразимова

М.Т.Каракенова

**«СаҚуРа КӨКТЕМ» ЖАУАПКЕРШІЛГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТИҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**ХАТТАМА №2**

**Откізілген уақыты: 10 қараша2023 жыл**

**Тақырыбы:** Сурет салу арқылы баланың бойындағы эстетикалық сезімін және шығармашылық қабілетін дамыту.

**Мақсаты:** балабақша педагогтердің қызметін жетілдіруге және оны жаңа сапалы жағдайға көшірге бағытталған шығармашылық белсенділігін дамыту.

**Міндеттері:** тәрбиешілердің әдістемелік деңгейін көтеру; бүкіл ұжымды оқутәрбие үдерісін ары қарай жетілдіруге жұмылдыру.

**Тәрайымы:** Миразимова Махаббат Тілеүқабылқызы

**Қатысқандар саны– 4**

1. Наурузова Ардак Толегеновна
2. Каракенова Мадина Талиповна
3. Абдрахманова Айгерим Нишанбаевна
4. Ташмаганбетов Аян Аманкелдиевич

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1.№2 педагогикалық кеңес қаулыларының орындалуы туралы.

М.Т.Миразимова

2. Кіріспе сөз «Мектеп жасына дейінгі бала үшін дәстүрден тыс сурет салу маңызы»

М.Т.Миразимова

3. «Дәстүрден тыс сурет салу тәсілдері арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» іскерлік ойын

М.Т.Миразимова

**1.ТЫНДАЛДЫ** М.Т.Миразимова сөз алғып өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы есеп берді.

Жас топтарына сәйкес құрылған перспективалық жоспар құрылыш бекітілді.

**ШЕШІМІ:**

№2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

**2 ТЫНДАЛДЫ:** М.Т.Миразимова сөз алғып «Мектеп жасына дейінгі бала үшін дәстүрден тыс сурет салу маңызы» тақырыбында кеңес беріп өтті.

Сурет салу – балалардың шығармашылық белсенділігін көрсету үшін үлкен мүмкіндік беретін өнердің бір түрі. Сурет салу арқылы балаларды адамгершілікке, әсемдікке, сұлулыққа, өнер түрлерінің құндылықтарын бағалауға тәрбиелейміз. Сурет салу баланың тіл байлығын арттырады. Өзі бейнелеген бейнені ойынша суреттеген бала қағаз бетіне түсіргенде өз ойын ашық айта алады. Бала шығармашылығын дамытуда сурет салудың дәстүрлі

дәстүрінен дәстүрден тыс тәсілдерді қолдану қазіргі заманауи балаларымыздың қызығушылығын арттырады. Балалардың бейнелеу шығармашылығы баланың қоршаған ортадағы шынайылықты суреттеуі, мұсіндеуі, құрастыруы, өзінің бақылағандарын, қиялындағыны бейнелеуі. Қоршаған ортамен таныстыру арқылы баланың түсінігі мен білімін кеңейту шығармашылығын дамытудағы негізгі қорек болып табылады. Мысалы: ағаштың суретін салу үшін, оны қарау, бөліктерін ажырату, атай білуі, жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістерін көре атуы және сипаттай білуі керек. Әсемдікті көру, түстердің ғажап әлемін ашу, әрбір қимылды музыкалық үзінділерден есту-бейнелеу өнерінен сабак берудің негізгі мақсаты шығармашылықты қалыптастыру. Сонымен қатар әдемілік, әсемдік туралы әңгімелеп, оқыту, тәрбие жұмыстарында ойын тәсілдерін қолдану керек. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту еңбекке деңгел рухани адамгершіліктің қалыптасуына негіз болады. Бірақ бұл қажеттілік балаға күш салмай іске асусы мүмкін емес, сондықтан оны еңбек сүйгіштікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, дербестікке, белсенділікке және өз еңбегімен айналасындағыларға қуаныш сыйлауға талпынуына тәрбиелеу қажет деп өз сөзін қорытындылады

#### **ШЕШІМІ:**

Балалардың шығармашылығын дамытуда дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс тәсілдер қолданылып жұмыс жүргізілсін.

Жауапты барлық топ тәрбиешілері.

Орындау мерзімі 2023-2024 оку жылы барысында

**З ТЫНДАЛДЫ:** М.Т.Миразимова

«Дәстүрден тыс сурет салу тәсілдері арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында іскерлік ойын өткізді. Жұмыс барысында «дәстүрден тыс әдіс тәсілдерді қолданып сурет салу» сөздің мағынасы туралы түсініктер берілді. Мақсат, міндеттер туралы айтылып өтіп балабақша педагогтеріне онлайн түрінде бірнеше тапсырмалар берілді. Тапсырма орындау барысында балабақшга педагогтердің білімдері анықталып отырылды және педагогтермен практикалық жұмыс жүргізілді. Практикалық жұмыс барысында тәрбиешілер дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолданып сурет салды. Суреттеріне түсіндірме жұмысын қосымша жүргізді. Балалардың жас ерекшелігіне байланысты қандай жұмыстар атқаруға болатындығы туралы кеңес берілді. Сонында барлық тәрбиешілер өз ойларын білдірді.

#### **ШЕШІМІ:**

Балалардың жас ерекшеліктеріне, жеке қабілеттерін ескере отырып үйімдастырылатын оку-тәрбие түрлерінде баланың шығармашылығын дамыту жұмыстарын жүргізуі жалғастыру. Балалардың жас ерекшелітеріне қарай сурет салуда дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануды жүзеге асыру. Жауапты топ тәрбиешілері.

Орындау мерзімі 2023-2024 оку жылы барысында,

Педагогикалық кеңес төрайымы  
Хатшысы:



**«СаҚуРа КӨКТЕМ» ЖАУАПКЕРШІЛГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТИҚ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**ХАТТАМА № 3**

**Откізілген уақыты:** 11 қаңтар 2024 жыл

**Тақырыбы:** Балабақша балалардың денсаулығын нығайту жолдары

**Мақсаты:** балалардың денсаулығын нығайту бойынша педагогикалық қызметке талдау жасау, осы бағыттағы жұмысты жетілдіру жолдарын анықтау.

**Төрділік:** Миразимова Махаббат Тілеүқабылқызы

**Хатшы:** Каракенова Мадина Талиповна

**Катысқандар саны – 4**

1. Наурузова Ардак Толегеновна
2. Абрахманова Айгерим Нишанбаевна
3. Ташмаганбетов Аян Аманкелдиевич

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. №2 педагогикалық кеңестің орындалуы туралы  
М.Т.Миразимова
2. Балабақшада балалардың денсаулығын нығайту жолдары. Іскерлік ойын «Өздігінен қозғалу белсенділігі»  
М.Т.Миразимова
3. Аралық индикатор қорытындысы және білім беру салалары бойынша жылдық пайыз көрсеткіші  
М.Т.Миразимова

**I.ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша менгеруші-әдіскері өз сөзінде №2 педагогикалық кеңесте

1. Балалардың шығармашылығын дамытуда дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс тәсілдер қолданылып жұмыс жүргізілсін
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне, жеке қабілеттерін ескере отырып ұйымдастырылатын оқу-тәрбие түрлерінде баланың шығармашылығын дамыту жұмыстарын жүргізуі жалғастыру. Балалардың жас ерекшелітеріне қарай сурет салуда дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануды жүзеге асыру.
3. Баланың даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген индикатор қорытындысының негізінде баланың жеке даму траекториясының болжамын жасау парагын негізге ала отырып әр баламен жеке жұмыс жүргізілсін шешімдері қабылдаңған. Барлық топтарында балалардың шығармашылығын дамытуда дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс тәсілдер қолданылып жұмыс жүргізілуде. Балалардың даму деңгейін жақсарту мақсатында жеке жұмыс жоспарланып жүргізілді.

**ШЕШІМІ:**

№2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

**II ТЫҢДАЛДЫ** екінші сұрақ бойынша сөзді балабақша менгеруші-әдіскері алып «Өздігінен қозғалу белсенділігі» тақырыбында іскерлік ойынға шақырды. Өз сөзін Аристотельдің сөзімен бастады: «Өмір өзегі — қозғалыс».

Өмір сұру деңгейінің жақсаруы, еңбектің біршама жеңілдеуі адамның қунделікті өміріне тікелей әсерін тигізді. Жалпы алғанда заманымыздың қарқынды дамуымен, заманауи автоматтандыру, механикаландырудың арқасында физикалық еңбек, бұлшықеттерге күш түсі кемейіп, ал жүйке жүйесіне, психикаға артық күш түсті. Соның салдарынан, қозғалыс белсенділігі төмендеп, психо — эмоционалды шаршау, күйзеліс пайда болды. Нәтижесінде, адам өмірінде аз қозғалу, дұрыс тамақтанбау, жаман әдеттер қалыптасып, қоршаған ортамен кері байланыс орнады. Өмір сұру салтының ең тиімді факторы адамның қозғалыс белсенділігі, күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуы, ағзаға физикалық күштің жеткілікті мөлшерде түсірілуі, адам денсаулығына тікелей әсер етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндепті стандартында «Денсаулық» білім беру саласының мазмұны баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байтуға; шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, тәрбиеленушілердің қимыл белсенділігіне сұраныстарын жетілдіруге бағытталғаны туралы көрсетілген.

Қунделікті тіршілікте орындалатын қимылдардың қосындысын адамның қозғалыс белсенділігі деп атайды. Адамның дene белсенділігінің төмендеуі балалық шақта өте қауіпті. Себебі, ол балалардың ағзасының қалыптасуын баяулатады, тірек-қимыл аппаратының жүрек-қан, тыныс алу, ішкі секреция және басқа да мүшелердің дамуына кері әсерін тигізеді. Ағзаның инфекцияға қарсылығын төмендетеді.

Козғалыс белсенділігі **ұйымдастырылған** және **ұйымдастырылмаған** қимылдардан тұрады.

Ойынды түрлендіріп, қызықты өткізуге мүмкіндік беретіндей түрлі құрал-жабдықтармен, спорттық құралдармен жабдықталған қимыл-қозғалыс әрекетін дамытатын орта құру керек барлық топтарда.

Балаларды құрдастарымен жарыс ұйымдастыру барысында ережеге бағынуға үйрету, балалардың қалауы бойынша қимылды ойындар ұйымдастыруға жағдай жасау. Серуен кезінде менгергөн қимыл-қозғалыс іскерліктері мен дағдыларын жетілдіру, серуендеу орынын дұрыс жабдықтау жағын ойластыру тәрбиешінің, әкімшіліктің міндесі.

Қазіргі кезде мектеп жасындағы балаларға қозғалмалы ойындар, спорттық ойындар мен ұлттық ойындар арқылы қунделікті қажетті қозғалыс белсенділігін толықтырып отыруға болады. Сондықтан да өсіп келе жатқан ұрпақтың дұрыс қалыптасып, тұлға болып жетілуіне атсалысайық.

**ШЕШІМІ:** Балабақшада балалардың қозғалыс белсенділігін ынталандыру және арттыру мақсатымен топтардағы денсаулық бұрыштарын және серуенге арналған атрибуттарын жаңарту.

Балалардың өздігінен қозғалыс белсенділігін арттырудың маңыздылығы туралы ата-аналарға танымдық-ақпараттық, кеңес беру жұмыстар жүргізілсін.

## Жауапты: топ тәрбиешілері

## Мерзімі: жыл бойы

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ

Балабақша меңгеруші-әдіскері сөзді алып баланың даму деңгейінің көрсеткішіне тоқталды. Қантар айында айлық жоспарға сәйкес баланың даму деңгейін анықтау мақсатында барлық топтарда индикатор жүргізілген болатын. Бұл аралық индикатор. Индикатор жүргізгендеңі негізгі мақсатымыз баланың даму деңгейі қандай соны анықтау болды. Мониторинг бойынша салыстырмалы есеп берді, материалдары қосымша берілуде.

ШЕШІМІ:

Баланың даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген индикатор қорыттындысының негізінде барлық топ балаларымен түзету жұмыстары жүргізілсін.

Жауапты барлық топ тәрбиешілері.

Орындалу мерзімі 2024 жылдың мамыр айы.

Педагогикалық кеңес төрдөлгөндеу  
Хатшысы:  М.Т. Каракенова



**«САКУРА КӨКТЕМ» ЖАУАПҚЕРШІЛГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҚ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**ХАТТАМА № 4**

**Откізілген уақыты: 29 наурыз 2023 жыл**

**Тақырыбы:** Балабақшадағы инновациялық қызмет

**Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-оқыту барысын инновациялық әдістер мен технологияларды қолданудың әдістері мен формаларымен қамтамасыз ету, тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру үшін мектепке дейінгі ұйымда инновациялық білім беру кеңістігінің үлгісін құру.

**Міндеттері:** мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды қолдану аясында педагогтардың педагогикалық кәсіби шеберліктерін жетілдіру; мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу барысын белсендіру

**Түрі:** іскерлік ойын

**Төрайымы:** Миразимова Махаббат Тілеуқабылқызы

**Хатшы:** Каракенова Мадина Талиповна

**Катысқандар саны– 4**

1. Наурузова Ардак Толегеновна
2. Абрахманова Айгерим Нишанбаевна
3. Ташмаганбетов Аян Аманкелдиевич

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. № 3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы  
Балабақша менгеруші-әдіскері
2. Презентация «Балабақшадағы инновациялық қызмет»  
Балабақша менгеруші-әдіскері
3. Тақырыптық тексеру қорытындысымен таныстыру  
Балабақша менгеруші-әдіскері

**1. ТЫНДАЛДЫ:** Балабақша менгеруші-әдіскері өз сөзінде №3 педагогикалық кеңесте:

Балабақша балалардың қозғалыс белсенділігін ынталандыру және арттыру мақсатымен топтардағы денсаулық бұрыштарын және серуенге арнлаған атриуттарын жаңарту. Балалардың өздігінен қозғалыс белсенділігін арттырудың маңыздылығы туралы ата-аналарға танымдық-ақпараттық, кеңес беру жұмыстар жүргізілсін

2. Баланың даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген индикатор қорытындысының негізінде барлық топ балаларымен бес білім беру саласы бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін деген шешімдер қабылданған. Барлық топтарда №3 педагогикалық кеңесінің шешімдері орындалды деп есеп берді.

#### **ШЕШІМІ:**

№3 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

**2 ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша менгеруші-әдіскері сөз алып «Балабақшадағы инновациялық қызмет» тақырыбында презентация түрінде баяндама жасады. Өзектілігіне талдау жасап, тақырып мазмұнына тоқталды. Инновация – бұл идея, жаңашылдық және оны енгізу үдерісі. «Инновация» термині ғылымға XIX ғасырда енді. Ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу», «жаңашылдық» деген

ұғымды

білдіреді.

Жаңа технологияны қолдану кезеңдеріне тоқталып түсіндірме, жұмысын жүргізді. Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына жататындар тізімін атап әр технологияға тоқталып өтті.

#### **ШЕШІМІ:**

Педагогтер өз жұмыстарында түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану жүргізілсін

Жауапты: барлық топ тәрбиешілері.

Орындау мерзімі 2023-2024 оку жылы барысында

**3 ТЫҢДАЛДЫ** Ушінші сұрақ бойынша балабақша менгеруші-әдіскері сөз алып тақырыптық тексеру жүргізілгенің айтып өтті және тексеру қорытындысымен таныстырды.

**ШЕШІМІ:** Инновациялық қызметті сәтті жүзеге асыру үшін балабақшаның мүмкіндігінше ақпараттық, әдістемелік, материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

**Жауапты балабақша әкімшілігі.**

Орындау мерзімі 2023-2024 оку жылы барысында.

Педагикалық кеңес төрайымы  
Хатшысы:



М.Т. Миразимова  
М.Т. Каракенова

**«СаҚуРа КӨКТЕМ» ЖАУАПКЕРШІЛГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТИҚ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**ХАТТАМА №5**

**Откізілген уақыты: 31 мамыр 2024 жыл**

**Тақырыбы:** 2023-2024 оқу жылындағы үйымның тәрбие-білім беру жұмысын қорытындылау

**Мақсаты:** 2023-2024 оқу жылындағы жылдық жоспар бойынша міндеттердің орындалуын қорытындылау, жаңа оқу жылының және жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс бағытын анықтау

**Түрі:** Қорытынды

**Төрайымы:** Миразимова Махаббат Тілеуқабылқызы

**Хатшы:** Каракенова Мадина Талиповна

**Қатысқандар саны – 4**

1. Наурузова Ардак Толегеновна
2. Абрахманова Айгерим Нишанбаевна
3. Тащмаганбетов Аян Аманкелдиевич

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.

М.Т.Миразимова

2. 2023-2024 оқу жылындағы балабақшаның жұмысын талдау. Қорытынды мониторинг қорытындысы туралы есеп.

М.Т.Миразимова

3. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарын бекіту.

М.Т.Миразимова

4. Жаңа оқу жылына жылдық міндеттерді анықтау.

М.Т.Миразимова

**I ТЫНДАЛДЫ:** Балабақша менгеруші-әдіскері күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды. Өз сөзінде №4 педагогикалық кеңесте педагогтер өз жұмыстарында түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану жүргізілсін, инновациялық қызметті сәтті жүзеге асыру үшін балабақшаның мүмкіндігінше ақпараттық, әдістемелік, материалдық-техникалық базасын жетілдіру деп шешім қабылданып, орындау тәрбиешілерге жүктелгөн болатын.

Инновациялық әдіс тәсілдерді қолдану нәтижесінде балалардың заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланды. Балалар сурет салуды заттың алыс, жақын, тәмен, жоғары орналасу түрлерін түсініп салуды үйренді.

Ересек балалар сурет салу барысында құралдарды өздері таңдап, бір бейнені бірнеше құралмен салуды үйрене бастады. Балабақшадағы педагогтер бірнеше сайттарға жазылып керекті ақпараттар алып отырдық. Сонын негізінде түрлі керекті материалдар жинақталды әр топта.

**ШЕШІМІ:**

№4 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша меңгеруші-әдіскері

2023-2024 оку жылындағы балабақшаның жұмысын талдау жасалды. Қорытынды мониторинг қорытындысы туралы есеп берілді. Материалдары қосымша берілді.

**ШЕШІМІ:** жылдық оку жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

**III ТЫҢДАЛДЫ:** Келесі жаз маусымына дайындық сұрағы бойынша балабақша меңгеруші-әдіскері М.Т.Миразимова

Жаз маусымына арналған сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспары, барлық топқа күн тәртібі құрылыш, перспективтік жоспарды бекіту керектігін айтты. Топ тәрбиешілері бірауыздан келісіп перспективтік жоспарға қарсы еместігін білдірді.

**ШЕШІМІ:** Жазғы сауықтыру шараларының жоспары және жазғы уақыттың күн тәртібін, перспективалық жоспары бекітілсін.

**IV ТЫҢДАЛДЫ:** Жаңа оку жылына жылдық міндеттерді анықтау бойынша тәрбиешілер өз ұсыныстарын айтты. Мониторинг нәтижесін негізге ала отырып 2024-2025 оку жылына міндеттер алынсын деп ұсыныстар берілді.

**ШЕШІМІ:** Ұсыныстар ескеріле отырып 2024-2025 оку жылына жылдық міндеттер нақтыланып жылдық жоспар құрылсын

**Жауапты:** Балабақша меңгеруші-әдіскері

**Мерзімі:** 2024 жылының 31 тамызға дейін

Педагогикалық кеңес төрайымсызы М.Т.Миразимова  
Хатшысы:



М.Т. Каракенова